

Түркістан облысы деңсаулық сактау басқармасының «Ақ-бұлақ облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына жария талқылау

ХАТТАМАСЫ

Қарағашты ауылы

20.06.2024 жыл

Төрайымдық етуші Түркістан облысы деңсаулық сактау басқармасының «Ақ-бұлақ облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының болім менгерушісі Б.Ж.Камытбекова
Хатшылықта: А.С.Сугралиева
Катыскандар: Кәсіпорынның бөлім менгерушілері, әкімшілік қызметкерлері

Күн тәртібінде:

1. Кәсіпорын қызметінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасын талқылау;

Төрайымдық етуші бөлім менгерушісі Б.Ж.Камытбекова 2024 жылғы 17 мамыр - 28 маусым аралығына жоспарланған Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-У Занының 8-бабы 5-тармагына және «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің улгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрагасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығын орындау мақсатында кәсіпорынның 2024 жылғы 02 мамыр №30 н/к бұйрығымен құрылған топпен сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауына жол беретін себептер мен жағдайларға ішкі талдау жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Нәтижесінде кәсіпорынның персоналды басқару қызметінде жұмыс тобымен сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері аныкталды. Анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша баяндамашы комплаенс қызметіне жауапты маман А.С.Сугралиева сез сейледі.

Баяндамашы кәсіпорынның персоналды басқару қызметіне қатысты ішкі талдау жүргізу барысында жұмысшы топпен бір катар кемшіліктерінің анықталғанын айтты:

Атап айтқанда:

1. Кәсіпорынға жұмысқа қабылдау жөніндегі кейбір бұйрықтарында негіздеме ретінде іріктеу және жұмысқа қабылдау процестерінде жұмысқа қабылдау комиссиясының шешімі мен Мансап орталықтарының жұмысқа орналасу жолдамасы негіздемеге алынбаған. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 21 баб. 2 тармагының 2 тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында еңбек қатынастары тиісті лауазымға орналасуға арналған конкурс бойынша сайланады, яғни жұмысқа қабылдау комиссиясының шешімі бұйрықта негіздеме ретінде көрсетілуі кажет;

2. Кәсіпорында шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінін «Мемлекеттік және мемлекеттік емес үйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту» туралы 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 бұйрығының талаптары сақталынуына назар аударылып, мемлекеттік үйымдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген құжатының қағаздағы бланкілері есепке алынуға тиіс, ол үшін құжат бланкісінің әрбір данасының оң жақ төменгі бұрышына типографиялық тәсілмен немесе нумератормен оның нөмірі, қажет болған кезде сериясы қойылады. Кәсіпорынмен шығарылатын бұйрықтар өкімдік құжат болып саналатындықтан, бланкілер арнайы полиграфия құралдарының көмегімен баспаханалық тәсілмен дайындалу қажет және қатаң түрде есебі жүргізілуі қажет. Жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында енбек катынастарының басталуы да, аяқталуы да бұйрықпен бекітіледі, яғни кәсіпорындағы жұмыскерлердің нақты санын айқындайтын акт болып табылғандықтан, қатаң түрде есебі жүргізілуі қажет. Бұл сыйайлас жемқорлық тәуекелін тудырады.

3. Ішкі талдау жұмыстарын жүргізу барысында мүдделер қактығысы фактілері бойынша кәсіпорында тегі бірдей бірнеше қызметкерлердің жұмыс атқаратындықтары аныкталды.

Төрағалық етуші сез кезегін алып, күн тәртібіндегі талқыланған мәселе өзекті екендігін айтып, қатаң бақылауға алу қажеттілігін тапсырды. Заншама талаптарын сактауды қатаң ескертті. Кәсіпорын қызметтінің сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына талқылау жүргізу жиналысы **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою мақсатында жұмыстар жасалсын.

Төрайым:

Б.Ж.Камытбекова

Хатшы:

А.С.Сугралиева